



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

**ҚР-НЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНДАҒЫ ЕҢБЕК НАРЫҒЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ОНЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ**

**Аймұрза Аблай**

*a.ablai97@mail.ru*

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің 4 курс студенті,  
Астана қ., Қазақстан Республикасы  
Ғылыми жетекшісі - Егизбаева Ж.Т.

Жұмыспен қамту саласындағы негізгі мақсат халықты неғұрлым толық түрде жұмыспен қамту болып табылады. Бұл мақсат екі қосымша мақсатқа қол жеткізуді: жұмыстан шығып қалу деңгейін азайтуды; жұмыссыз халықты жұмысқа орналастыру деңгейін арттыруды көздейді [1].

Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы негізгі мақсат - халықтың кедейшілік деңгейін азайтуға, қайыршылықты жоюға бағдарланған халықты әлеуметтік жағынан қамтамасыз етудің тиімді жұмыс істейтін жүйесін құру. Қосымша мақсаттар:

- экономикалық қызметтің барлық түрлері бойынша жалдамалы қызметкерлерге еңбекақы төлеу деңгейін көтеру;
- әлеуметтік сақтандырудың сан алуан түрлерін енгізу арқылы туындауы мүмкін қатерден өзін-өзі қамтамасыз етудің қол жететіндей тетігін жасау;
- көп жағдайда мемлекет есебінен жүзеге асырылатын әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесінен әлеуметтік сақтандыру жүйесіне көшу, ол мемлекеттің немесе жұмыс берушінің ғана емес, әрбір жеке адамның да қатысуын көздейді.

Жұмыссыздардың арасында әйелдер басым, оларды жұмысқа орналастыру мәселелері өткір қойылып отыр. Жұмыспен қамту қызметіне өтініш жасаған жұмыссыз әйелдердің әрбір алтыншысы ғана жұмысқа ие. Жоғары және орта арнаулы білімі бар 45 және одан жоғары жастағы әйелдердің жұмысқа орналасу мүмкіндігі өте төмен [2].

Еңбек нарығы – бұл нарықтың ерекше түрі, онда жұмыс күші тауарын сату және сатып алу жүзеге асады.

Еңбек нарығын толығырақ түсіну үшін Қазақстандағы және облыстар бойынша 2014-2016 жылдардағы еңбек нарығының қазіргі жағдайына талдау жасайық (кесте 1).

Кесте 1 - Қазақстанда жұмыспен қамтылған халықтың жұмыспен қамтылу мәртебесі

Көрсеткіштер	2014	2015	2016	Ауытқуы, (+,-)
				2016/2014
Экономикалық тұрғыдан белсенді халық, мың адам	9041,3	8962	9074,9	33,6
Жұмыспен қамтылған халық, мың адам	8510,1	8887,6	8998,8	53,2
Жалдамалы қызметкерлер, мың адам	5949,7	6109,7	6294,9	345,2
Өз бетінше жұмыс істейтін қызметкерлер, мың адам	2621	2400,4	2328,9	-292,1
Ауыл шаруашылығында жұмыс істейтін адам, мың адам	1605,1	1362,9	1385,5	-219,6
Жұмыссыздар, мың адам	470,7	451,9	451,1	-19,6
Жұмыссыздық деңгейі, %	5,2	5	5	-0,2
Жастар жұмыссыздығы-ның деңгейі, % (15-28 жас)	5,5	4,2	4,3	-1,2

Ұзақ мерзімді жұмыссыздық деңгейі, %	2,5	2,4	2,4	-0,1
Жұмыссыздықтың орташа ұзақтығы, айлар	7,4	7,3	6,7	-0,7
Экономикалық тұрғыдан енжар (әрекетсіз) халық, мың адам	3569,4	3715,9	3680,1	110,7
Ескерту: Қазақстан Республикасы Статистика жөніндегі агенттігінің деректері бойынша				

Кестеден көріп отырғанымыздай, 2014 және 2015 жылдары экономикалық тұрғыдан белсенді халық сәйкесінше 9041,3 мың адам және 8692 мың адамды құрады. Ал 2016 жылы экономикалық тұрғыдан белсенді халық 9074,9 мың адамды құрап, 2012 жылмен салыстырғанда 33,6 мың адамға артқан.

Қазақстанның экономикалық дамуының қазіргі кезеңінде жұмыспен қамту және жұмыссыздық еңбек нарығының мәселелері. Ол аса маңызды әлеуметтік-экономикалық мәселелерінің біріне жатады.

Экономикалық тұрғыдан белсенді халықтың құрылымында ең көп меншікті үлес салмағын жұмыспен қамтылған халық (95,1%) құрайды. Соңғы жылдары жұмыспен қамтылған халық үлесі тұрақты түрде артуда (2014 ж. - 94,8%, 2015 ж. – 95,1%, 2016 ж. – 95,1%) [3].

Ауыл шаруашылығы — материалдық өндірістің ең маңызды түрлерінің бірі. Ауыл шаруашылығы халықты азық-түлікпен және өнеркәсіпті шикізаттың кейбір түрлерімен қамтамасыз етумен айналысады. Ауыл шаруашылығы екі үлкен саладан, яғни өсімдік шаруашылығынан және мал шаруашылығынан тұрады. Сонымен қатар оның құрамына балық аулау, аңшылық және омарта шаруашылығы да кіреді.

Кесте 2 – Ауыл шаруашылығы бойынша жұмыспен қамтылған аумақтардың үлесі

Көрсеткіштер	2014		2015		2016		Ауытқу 2016/2015	
	Жұмыспен қамтылғандар	АӨК б/ша	Жұмыспен қамтылғандар	АӨК б/ша	Жұмыспен қамтылғандар	АӨК б/ша		
Қазақстан Республикасы	<b>8510,1</b>	1605,1	<b>8 887,6</b>	1 362,9	<b>8 998,8</b>	1385,5	111,20	22,60
Ақмола	422,7	150,3	429,9	133,5	438,0	135,5	8,10	2,00
Ақтөбе	410,0	42,2	426,6	37,0	429,3	45,9	2,70	8,90
Алматы	1013,3	323,5	992,5	252,3	1 034,8	280,3	42,30	28,00
Атырау	286,1	12,8	312,0	10,8	311,8	10,7	-0,20	-0,10
Батыс Қазақстан	316,8	69,9	326,0	62,6	335,9	73	9,90	10,40
Жамбыл	530,2	132,1	525,2	133,2	526,7	126,3	1,50	-6,90
Қарағанды	678,4	60,9	707,7	34,8	690,6	32,7	-17,10	-2,10
Қостанай	493,9	182,6	510,3	167,2	519,2	173,3	8,90	6,10
Қызылорда	311,1	32,0	324,4	31,5	345,6	39,6	21,20	8,10
Маңғыстау	248,8	3,4	291,9	3,7	292,3	3,1	0,40	-0,60
Оңтүстік Қазақстан	1163,2	222,6	1 195,9	186,9	1 210,0	175,7	14,10	-11,20
Павлодар	420,3	92,4	426,2	77,4	421,4	73,7	-4,80	-3,70
Солтүстік Қазақстан	313,8	120,3	329,6	116,1	318,9	102,2	-10,70	-13,90
Шығыс	705,5	150,8	715,5	110,7	719,2	106,9	3,70	-3,80

Қазақстан								
Астана қаласы	431,6	2,8	488,8	3,7	488,7	4,8	-0,10	1,10
Алматы қаласы	764,5	1,4	885,0	1,6	916,3	1,8	31,30	0,20
Ескерту: Статистикалық мәліметтер негізінде автормен құрастырылған								

2 – кестеде еліміздегі облыстар бойынша ауыл шаруашылығы бойынша жұмыспен қамтылғандардың үлесі көрсетілген. Кесте бойынша көретініміз, 2016 жылдағы ауыл шаруашылығы саласы бойынша жұмыспен қамтылғандардың үлесі артып келеді. Бұл кестеде Қостанай облысының үлесі 33,4 %-ды құрап, жоғары көрсеткішке жетіп отыр.

Ауыл шаруашылығы саласы жұмыс орындарын ашу мен экономиканы әртараптандыру бойынша жасалып жатқан әрекеттердің маңызды бөлігі болып есептеледі. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 2017 жылғы халыққа жолдауында ауыл шаруашылығын «экономиканың жаңа қозғаушы күші» деген болатын.

Жалпы, ауылдық жерлерде кіріс мөлшерін көбейту, жаңа жұмыс орындарын ашу, ауыл шаруашылығы саласындағы бәсекеге қабілеттілікті арттыру арқылы экономиканы әртараптандыру және қайта өндіру арқылы өнімдердің қосымша құнын қою мүмкіндіктері жоғары.

Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы саласында еңбек өнімділігін арттыру мүмкіндіктері жоғары. Егістік жердің 15 пайызын құрайтын әрі Қазақстанның жайылымды жерлерінің шексіз бөлігін алып жатқан жерлерін пайдалануға да мүмкіндік бар. Қазақстан аймақтардағы дәстүрлі нарықтарға, сонымен қатар Қытай, Үндістан және Таяу Шығыстағы жаңа нарықтарға қызмет көрсету үшін географиялық жағынан сәтті орналасқан. Бұл мүмкіндіктер қолда бар аграрлық ресурстар көлемімен бірге, Қазақстанды жергілікті және шет елдік инвесторлар үшін тартымды етеді.

Ауылшаруашылығы расымен де экономиканың қозғаушы күші болуы үшін ауылшаруашылығы өнімдерін өндіру қарқынын едәуір арттыру керек. Қазіргі уақытта ауылшаруашылығы өнімдерін өндіру ауыл шаруашылығы өндірісінің жартысын ғана алып отыр. Бұл салада қауіптің жоғары екендігін ескерсек, ауыл шаруашылығы өндірісін арттырудың негізгі әдісі зерттеу, инновация, жаңа технологияларды енгізуге негізделген өнімділікті жоғарылату керек. Ауыл шаруашылығы елдің жалпы ішкі өнімінің шамамен 4,8%-ын құрайды. 2016 жылы ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымы 3,3 трлн. теңгені құрады.

Еңбек ресурстары - халықтың еңбектік әлеуеті, ел (аймақ) халқының шаруашылық саласында жұмыс істеуге қажетті білім деңгейі бар, дене күші толысқан және дені сау бөлігі; елдің экономикалық әлеуетінің маңызды элементі. Сонымен, ауыл шаруашылығы еңбек ресурсына әсер ететіні сөзсіз, төмендегі 3 және 4 кестелерде ауыл шаруашылығындағы еңбек ресурстары мен АӨК саласына SWOT талдау жасалынып, олардың күшті және әлсіз жақтары анықталды.

Кесте 3 – АӨК еңбек ресурстарына SWOT талдау

<b>Күшті жақтары</b>	<b>Әлсіз жақтары</b>
<ul style="list-style-type: none"> <li>- басқарушылар құзыреттілігінің жоғары деңгейі;</li> <li>- қызметкерлердің жоғары жобалық белсенділігі;</li> <li>- жаңа ғылыми технологияларды белсенді түрде енгізу;</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- басқарушылардың құрылымдық бөлімшелерін басқару мүмкіндігінің болмауы;</li> <li>- еңбек ресурстарының ауыл шаруашылығындағы және т.б. өзгерістерге білім және психологиялық дайындықтың болмауы;</li> <li>- ынталандырудың тиімді жүйесінің болмауы;</li> <li>- жоғары біліктілігі бар мамандарды дайындау орындарының аз болуы;</li> <li>- мамандардың төмен жалақысы.</li> </ul>
<b>Мүмкіндіктер</b>	<b>Қауіп-қатерлер</b>

<ul style="list-style-type: none"> <li>- білім жүйесіндегі инновациялық процесстер;</li> <li>- мемлекеттік бағдарламалар, жобалар нәтижесінде қаржы тарту;</li> <li>- біліктілікті арттыру жобаларының артуы, отандық және шетел тәжірибесін пайдалану;</li> <li>- ғылыми, басқару технологияларымен ақпараттандыру.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- мемлекеттік қаржыландырудың дефициті;</li> <li>- келеңсіз демографиялық процесстер;</li> <li>- ауыл шаруашылығы қызметіндегі шетелдік бәсекелестердің көбеюі;</li> <li>- қабілетті және жоғары білікті мамандардың басқа елге көшуі.</li> <li>- жемқорлық мәселесі.</li> </ul>
Ескерту: Автормен құрастырылған	

Қазақстанда агробизнесінің дамуы үшін қолайлы ортаның болуы маңызды мәселе. Инвесторлар үшін инвестициялық тартымдылықты арттыру саясаттың негізгі талаптарының бірі [4].

Сонымен қатар, ауыл шаруашылығындағы өнімділік деңгейі ауылдағы жолдар, коммуналды қызметтер мен байланыстарға бөлінетін мемлекеттік инвестициялармен тікелей байланысты. Мемлекеттік-жекеменшік серіктестік қоймалар, өндіруші кәсіпорын инфокұрылымын дамытуға ықпал етуі керек.

Кесте 4 - АӨК саласына SWOT талдау

<b>Күшті жақтары</b>	<b>Әлсіз жақтары</b>
<ul style="list-style-type: none"> <li>- Қазақстан территориялық аумағы бойынша әлемде тоғызыншы орынды иеленеді;</li> <li>- Қазақстан жан басына шаққандағы жыртылған жерлердің алаңы бойынша әлемде екінші орынды иеленеді;</li> <li>- Қазақстан астық пен ұн бойынша ірі экспорттаушылардың қатарына кіреді;</li> <li>- ауыл халқының басым бөлігі (барлық халықтың 43%-ы) жұмыспен қамтылғандардың ішінде жоғары үлеске ие (жұмыспен қамтылған халықтың 18%-ы);</li> <li>- ТМД және Орталық Азия елдерінің өткізу нарықтарының азық-түлік өнімдеріне әлеуеттің жоғары сұранысы;</li> <li>- АӨК жалпы өнімінің тұрақты өсімі;</li> <li>- органикалық өнім өндірісі мен экспортының жоғары әлеуеті.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- елдің ЖІӨ-гі үлесінің төмендігі (4,8%);</li> <li>- сауданың, оның ішінде экспорттық сауданың дамымағандығы;</li> <li>- ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды енгізудің төмен деңгейі;</li> <li>- ветеринария және тамақ қауіпсіздігі деңгейінің төмендігі;</li> <li>- жоғары капитал сыйымдылығы;</li> <li>- өзін-өзі ақтау мерзімінің ұзақтығы;</li> <li>- табиғи-климаттық жағдайларға тәуелділік;</li> <li>- төмен еңбек өнімділігі;</li> <li>- АӨК табысының төмен деңгейі.</li> </ul>
<b>Мүмкіндіктер</b>	<b>Қауіп-қатерлер</b>

<p>- халық санының өсуіне және тамақтану құрылымының өзгеруіне байланысты ауыл шаруашылығы өнімдерінің барлық түрлерінің көлемін ұлғайту мүмкіндігі;</p> <p>- АӨК-ні және ауыл шаруашылығы кооперативтерін тиімді мемлекеттік қолдауды қалыптастыру;</p> <p>- перспективалы салалар бойынша жеткізілімдер географиясын және экспорт көлемін кеңейту.</p>	<p>- табиғи-климаттық жағдайлардың қолайсыз өзгерістері, ауа-райы жағдайларының тұрақсыздығы;</p> <p>- жануарлар мен өсімдіктер ауруларының таралуы және табиғи ортаның ластануы;</p> <p>- ДСҰ-ға кіруге байланысты жекелеген өнім түрлері бойынша халықаралық нарықтардағы бәсекелестіктің өсуі;</p> <p>- саланы тиімсіз мемлекеттік реттеу тәуекелі.</p>
<p>Ескерту: Қазақстан Республикасының Әділет министірлігінің ақпараты бойынша құрастырылған</p>	

Қаржылық ресурстарға қатысты халықаралық тәжірибеге жүгінетін болсақ, фермерлердің қаржыландыруға қолжетімділігін ұсақ фермерлер мен азық-түлік өндірісі арасындағы коммерциялық байланысты жолға қою арқылы арттыруға болады. Жүйелі қаржыландыру шеңберінде олар ұсақ фермерлерді қаржыландыра алады.

Қоғам еңбек әлеуеті мен жұмыссыздардың біліктілігін пайдаланудан бас тартып отыр. Халықтың едәуір бөлігінің кәсіби және еңбек тұрғысынан құлдырау процесі ырық берместен жүріп жатыр. Жастар арасындағы жұмыссыздық айрықша алаңдаушылық туғызады. Қазіргі кезде біз уақытша жұмыссыздықтан гөрі циклды және құрылымды жұмыссыздыққа жиі тап болып отырмыз [4].

Еңбек нарығы жағдайы еңбек ресурстарының сапасына тікелей тәуелді. Осыған байланысты, ауыл шаруашылығында еңбек ресурстары сапасын бақылау механизмі әзірленді. Олар:

1. Жұмыссыз және жағдайы төмен азаматтарға әлеуметтік қолдау көрсетіп, жеке қожалықтарын дамытуға ықпал ету;

2. Бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету және түрлі әлеуметтік қызмет көрсету бағытында мемлекеттік емес секторларды тарту;

3. Кәсіби білім беру және де біліктілігін арттыру негізінде ауыл шаруашылығы мамандарының білімі мен біліктілігінің сапасын жақсарту;

4. Аумақтық қаржыландыруды арттырып, ауыл шаруашылық мамандардың мақсатты дамуы бойынша: ауылдық өңірлер үшін мамандар дайындау, сұранысқа ие мамандықтар бойынша білім беру, ауыл шаруашылығындағы жұмыс берушілермен мамандарды дайындау жайында келісім шарт жасау, білім беру басқармасы және жұмыспен қамтушылар арасында меморандумға қол қою.

5. Ауыл өңірлерінде материалды-техникалық негізді әлеуметтік-медициналық мекемелерінде дамыту;

6. Ауылдық өңірлер мен шаруашылық субъектілері тұрғындарына ақпараттық-коммуникациялық және ақпараттық ресурстардың қолжетімділігін қамтамасыз ету.

Ауыл шаруашылығы саласындағы кәсіпорынды басқару стратегиясының үлгісі негізінде еңбек ресурстарының сапасы мен дәрежесін анықтайды. Аталмыш стратегияны ресурстық қамтамасыз ету төмендегідей үш бағыт бойынша инвестицияланады: денсаулық ресурсы, білім және де әлеуметтік ресурстар. Еңбек ресурстарын инвестициялау келесілерден құралады: білім беруге жұмсалатын шығындар – жалпы білім беру, арнайы және жоғары білім беру, кәсіпорын аймағында немесе білім беру орталығында біліктілігін арттыру, тәжірибе алмасу мақсатында өзге де кәсіпорындармен жұмыс жасау; денсаулық сақтау бойынша шығындар – жұмыскердің өмір сүру мерзімін ұзартып, жұмысқа деген қабілеттілігін арттыруға ықпал ететін іс-шаралар кешені: медициналық қызмет көрсету,



түрлі профилактикалық процедуралар, тұрмыстық жағдайларды жақсарту, салауатты өмір салтын сақтау, спорттық – мәдени іс-шараларды дамыту; мобильділікке жұмсалатын шығындар – еңбек ресурстарын инвестициялаудың еленбейтін формасы болып табылады, дегенмен, осының арқасында, жұмыскерлер өнімділігінің төменгі орыннан өнімділігі жоғары орындарға ауысу мүмкіншіліктері бар.

Еңбек ресурстарын басқару саласында стратегиялық талдау жасау сыртқы индустриялды орта бойынша анықталатын дамудың сапалық параметрлеріндегі ағымдық және ұзақ мерзімдік өзгерістерге негізделген [5].

Жоғарыда айтылған механизмді қолдану – аумақтардың инновациялық даму мақсатының және ауыл шаруашылығында еңбек ресурстарының сапасын арттырып, еңбек нарығы жағдайына оң әсерін тигізеді. Сонымен, зерттеу барысында жасалған жұмыстар негізінде, ауыл шаруашылығы саласындағы еңбек нарығындағы еңбек ресурстарының сапасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін еңбек ресурстарын пайдалану стратегиялары тапсырмаларын жүзеге асыру қажеттілігі керек екені анықталды.

Еңбек ресурстарын стратегиялық пайдалану - ауыл шаруашылық кәсіпорындарының жоспары мен алдағы уақытқа көзделген іс-әрекеттеріне қатысты оңтайлы шешім қабылдауына мүмкіндік береді және ол келесі бөліктерден құралады: кәсіпорын стратегиясы, оның жұмыскерлерді іріктеп, жұмысқа қабылдауға қатысты саясаты мен тәжірибесі, жұмыскердің дамуы мен білім алуы, жасалған жұмыс үшін сыйақы төленуі [6].

Ауыл шаруашылық кәсіпорындарының тиімді экономикалық нәтижесіне әсер ететіндер: еңбек ресурстары санының оңтайлы мөлшері, сол себепті, бар жұмыс күші мен қажетті жұмыс күші арасындағы теңгерімді қалыптастыру қажет (еңбек ресурстарын үйлесімдеу); кәсіпорында жаңа әдістер мен технологияны қолдану кезінде негізгі фактор болып табылатын менеджерлердің жоғары білім деңгейі; еңбек ресурстарын үнемі инвестициялау. Инвестициялаудың артықшылығы – ауыл шаруашылық кәсіпорындары мен жалпы қоғам үшін ұзақ мерзімдік экономикалық және әлеуметтік пайданың қалыптасуы арқылы көрсетіледі. Жұмыскердің дамуына көбірек үлес қосқан сайын, алынатын пайда да соншалықты артады. Жоғарыда аталып өтілген инвестициялар түрлері жұмыскердің еңбек ресурстарының дәрежесін арттырып, соның негізінде, ауыл шаруашылық кәсіпорының еңбек шамасының көлемі мен сапасының жақсаруына септігін тигізеді:

- еңбек ресурсын пайдалану менеджерін (бөлімше, департамент) енгізу – ауыл шаруашылық кәсіпорындарының негізгі қажеттіліктерінің бірі болып табылады, кадр бөлімімен салыстырғанда, ол әкімшілік қызмет көрсетумен байланысты бос қызмет орнына жұмыскерлерді тағайындайды. Еңбек ресурстарын пайдалану менеджерінің (бөлімше, департамент) негізгі қызметі келесілерге байланысты: еңбек күшін оңтайландыру және жоспарлау; жұмыскерлерді іріктеп, жұмысқа орналастыру және жұмыстан шығару; жұмыскерлердің біліктілігін арттыру; жұмыскерлерді басқару (жұмысты жоспарлау және еңбек ресурстарын пайдалануды оңтайландыру); еңбек тиімділігін бағалау және еңбек ресурстары өнімділігін ынталандыру;

- еңбек ресурстарын уақытылы және сапалы бағалап, инновациялық негізде ұдайы өндіруді үлкейту туралы кеңестерді әзірлеуден тұратын еңбек ресурстарын пайдаланудың тиімді үлгісін қалыптастыру.

Қорыта айтқанда, жасалған талдаулар негізінде еліміздің ауыл шаруашылығында еңбек ресурстарын сапалы пайдалану және оны басқару туралы дұрыс саясат жүргізе білу ескеретін жайт. Ауыл шаруашылығындағы кәсіпорындарда еңбек ресурстарын пайдаланудың сапасын және тиімділігін арттыру үшін керек жағдайлар:

- аграрлық еңбектің беделділігін арттыру үшін ұйымдастырушылық және әлеуметтік-экономикалық іс-шаралардың кешенін ұйымдастыру;

- еңбек ресурсына жұмсалатын инвестиция көлемін ұлғайту, яғни, жұмыскерлердің білімі мен біліктілігін арттыру үшін жағдай жасау, жұмыскерлердің орта және жоғары техникалық білім алуына ықпал ету, мамандығы сұранысқа ие жас және жоғары білікті

мамандардың қызығушылығын арттыру мақсатында негізгі жалақысына қоса қосымша жалақы беру;

- аграрлық саладағы жоғары оқу орындарының негізінде ауыл шаруашылық кәсіпорындарында сұраныс бойынша білікті мамандар дайындау жайлы келісім шартын дамыту;

- еңбек миграциясын реттеу.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Б.Жүнісов, Ұ.Мәмбетов, Ұ.Байжомартов. «Нарықтық экономика негіздері». –Алматы, 2014 жыл.
2. Қазақстан экономикасы: «Басымдықтар мен проблемалар» //«Егемен Қазақстан» Республикалық газеті, №124. 12 мамыр 2016 ж.
3. Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі, <http://www.stat.gov.kz/>
4. <http://www.vsemirnyjbank.org>
5. Адам дамуының дүниежүзілік бағдарламасы БҰҰДБ 2014 жыл, №8, 106-107 б.
6. Бейсенов С. Инфраструктура рынка труда // Человек и труд. - № 1.- 2013 жыл

УДК 330.47.

### **ИНФОРМАЦИОННЫЙ ФАКТОР РОСТА ПРИБЫЛИ В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ**

**Алкабаева Лилия Келдыбаевна**

*kaidarova.leka@mail.ru*

Студент Казахско-Русского Международного Университета

Актобе, Казахстан

Научный руководитель – Садыков Туртубек Умутканович

Современный мир, а вместе с ним и экономика, переживает огромные перемены. Детерминирующим фактором этих перемен является процесс глобализации. Постепенно стираются экономические границы между странами, мир становится единым рынком товаров, услуг, капиталов, рабочей силы и знаний. В связи с этим современные предприятия ставят своей целью использовать информационный фактор и максимизировать объем получаемой прибыли. В противном случае они могут быть вытеснены иностранными предприятиями и компаниями. Таким образом, одним из важнейших последствий глобализации становится ужесточение международной конкуренции.

Интернет сыграл не последнюю роль в активизации этих процессов. Всемирная сеть, как ничто иное, позволяет стирать территориальные и временные границы. Интернет уже изменил и продолжает менять нашу жизнь, причем это касается всех ее отраслей. Благодаря всемирной паутине мы можем получить образование, перевести деньги в любую страну, купить книги, билеты в кино, на самолет, играть на фондовых биржах и все это, не выходя из дома. Постепенно Интернет меняет форму экономических отношений. Сегодня экономисты все чаще говорят об Интернет-экономике, информационной и цифровой экономике, которые, на наш взгляд, очень ярко отражают процесс глобализации [1, 2].

Также в системе рыночной экономики, изучая взаимосвязи информации и прибыли, мы можем отметить, что экономическая сущность прибыли является одновременно и простой и сложной. Их простота определяется тем, что прибыль является стержнем и главной движущей силой экономики рыночного типа, основным побудительным мотивом деятельности бизнесменов и определенным гарантом прогресса экономической системы. Отсутствие же прибыли может доказать и привести к регрессу экономики и социальной напряженности.